

Гүлдің құрылысы мен диаграммасы



диаграммасы:

1 - гүлдің өсі - сабақ;

2 - гүл жапырақшалары;


3 - тостағанша жапырақшалары;

4 - күлте жапырақшалары;

5 - аталық;

6 - аналық; 7 - гүл жапырақ (жабын жапырақ)

Гүл бөліктерінің орналасуы



Көптеген өсімдіктердің гүл бөліктері шеңберленіп орналасады. Әсіресе кең тарағандары 4-5 шеңбер құратындар. Бұларды пентациклді (грекше «пента» - бес) және тетрациклді (грекше «тетра» - төрт) гүлдер деп атайды. Пентациклді гүлдер лалагүлділер, амариллис, калампыр, қазтамақ тұқымдастарына тән; ал тетрациклді гүлдер жыланқияқтар, орхидейлер, қаражемістер, бересклеттер, сабынкөктер, ерінгүлділер тұқымдастарына

Қақырайтын құрғақ жемістер

Қақырайтын құрғақ жемістер. Бұлар көп тұқымды құрғақ жемістер, жеміс пісіп жетілген кезде, перикарпий қақырап, тұқымдары еркін шашылады.



Қақырайтын құрғақ жемістер.

А - топтама жеміс (листовка);

Б - күрделі топтама жеміс (шөмішгүл),

В - бұршақбас (асбұршақ);

Г - бұршаққын (орамжапырақ),

Д - бунақты бұршаққын (шомыр); Е - бұршаққынша

(ярутка), Ж, З, И - қауашақ (қорапша), Ж - көкнәр,

З - меңдуана, И - сасық меңдуана.

